

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Батыс Қазақстан облысы  
Орал қаласының білім беру бөлімі  
«Мектептен тыс жұмыс орталығы» МҚКК

«Келісемін»  
Орал қаласының білім  
беру бөлімінің басшысының орынбасары  
*Найдина Б.Найдина*



«Бекітемін»  
Мектептен тыс жұмыс  
орталығының директорының м.а.  
*Ш.Утебадиева*



**«Мектептен тыс жұмыс орталығы»  
оқу – тәрбие және көпшілік  
шараларының  
2020 - 2021 жылға арналған  
ЖОСПАРЫ**

Орал -2020 жыл

## Мазмұны:

- I. Мектептен тыс жұмыс орталығының 2019-2020 оқу жылы жұмысына талдау
- II. Мектептен тыс жұмыс орталығының төлқұжаты;
- III. 2020-2021 оқу жылына арналған мақсат- міндеттері;
- IV. Ақпараттық- аналитикалық қызмет;
- V. Мектептен тыс жұмыс орталығының 2020-2021 оқу жылына арналған циклограммасы;
- VI. Педагог кадрлар біліктілігін арттыру және қайта даярлау;
- VII. Педагог қызметкерлерді аттестаттау жұмысы бойынша жұмыстар;
- VIII. Педагогикалық ұжыммен жұмыс;
- IX. Директор жанындағы кеңесте қаралатын мәселелер;
  - X. Оқу – тәрбие бағытындағы жұмыстары;
    1. Оқу- тәрбие жұмыстарды ұйымдастыру
    2. Мектептен тыс жұмыс орталығының 2020-2021 оқу жылына арналған ашық сабақтар кестесі
    3. Мектеп ішілік басшылық және бақылау
      - 3.1. Жалпы жұмыстар
      - 3.2. Үйірме жұмыстарын бақылау
    4. Ата-аналармен жұмыс
    5. Жас мамандар мектебі
- XI. Оқу – әдістемелік жұмыстар;
  1. 2020-2021 оқу жылына арналған білім беру және тәрбие қызметтің үдерісін бақылау жоспары
  2. Әдістемелік жұмыс жоспары
  3. МТЖО әдістемелік кеңесінің жұмыс жоспары
  4. Оқу- әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру
  5. Семинарлар /Қалалық, МТЖО ішілік ұйымдастырылатын/ біліктілік санатын көтерудегі семинарлар мен кеңестер жоспары
  6. Біліктілік санатын көтерудегі семинар жұмыстары
  7. Тұрақты жұмыс жасайтын семинарлар мен кеңестер жоспары
- XII. Қоғамдық қызмет және МТЖО- ішілік жұмыстары
  1. Сыбайлас жемқорлықтың алдын – алу және жемқорлық әрекеттерге мүлдем төзбеу бағытындағы жұмыстар
  2. Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-шаралар
  3. 2020-2021 оқу жылына арналған «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының және мектеп ішілік атқарушы хатшыларының «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде іс – шаралар жоспары
  4. МТЖО-ның 2020-2021 жылға арналған бұқаралық шаралар жоспары
  5. 2020-2021 жылдарға арналған "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру аясындағы Мектептен тыс жұмыс орталығының іс-шаралар жоспары
  5. 2020-2021 жылға арналған қалалық бұқаралық шараларының жоспары
- XIII. Озық іс тәжірибені жинақтау мен тарату, жарнамалық баспа

қызметі

- XIV. Әлеуметпен жұмыс «МТЖО» МКҚК-нің қалалық мекемелермен өзара байланыс жоспары
- XV. Орталық педагогтары мен әкімшілігінің жалпы білім беретін мектептеріне, бөлімдеріне жетекшілігі
- XVI. Қауіпсіздік ережесімен еңбекті қорғауға қатысты іс-шаралар
- XVII. Қаржы шаруашылық жұмыс:
- XVIII. Мекеменің материалдық-техникалық базасын нығайту шаралары

## **I. Мектептен тыс жұмыс орталығының 2019-2020 оқу жылы жұмысына талдау**

Оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудағы негізгі құжаттар Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «Қазақстан Республикасында білім беру және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» ҚР Президентінің Жарлығы, «Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 14 маусымдағы № 228 бұйрығы, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Бала құқықтары туралы Конвенция.

### **Мектептен тыс жұмыс орталығының негізгі қызмет бағыттары:**

1. Балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын ұйымдастыру: мерекелер, байқаулар, көрмелер, фестивальдар, слеттер және т.б. Балалар бірлестіктерін дамыту және ұйымдастыру, білім беру келесі қосымша білім беру бағыттары бойынша жүргізілді:

-көркем-эстетикалық;

-спорттық-техникалық;

-әлеуметтік-педагогикалық.

2. Қосымша білім беру педагогтары, қала мектептері тәлімгерлер мектебі, жалпы орта білім беретін мектептері базаларындағы спорт үйірмелерінің жетекшілері мен педагог-хореографтарының қызметін әдістемелік жағынан қолдауды ұйымдастыру.

3. Дарынды балаларды анықтау мен қолдау, олардың жеке қабілеттерін дамыту, «Жас Ұлан» балалар ұйымын ақпараттық-әдістемелік және ұйымдастырушылық жағынан қамтамасыз ету, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырып, қабілеттерін дамыту.

4. Мекеменің қаржы-экономикалық қызметті дамыту. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзінің бейімділігі мен қажеттеріне қарай қосымша білім беру қызметтерін, білімдерін ақылы түрде алу (ҚР «Білім туралы» Заңы 47 бап).

5. «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы» ҚР ДСМ 16.08.2017 ж. №611 бұйрығы.

### **Оқу-тәрбие қызметі:**

- МТЖО ғимаратында;

- №13 ЖОББМ базасындағы №2 бөлімшеде;

- №13 балалар бақшасы базасындағы №3 бөлімшеде;

- Желаев селолық №14 ЖОББМ базасында №4 бөлімшеде;

- Деркөл кентінің №49 ЖОББМ базасындағы №5 бөлімшеде;

- Бірлесіп жұмыс жасау №543 ынтымақтастық келісімшарты бар қалалық ЖОББМ базасында өз қызметін ұйымдастырды.

МТЖО білім бағдарламасын «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасымен сәйкескіріп өз жұмысын келесі бағыттарда жүргізіледі:

- көркем-эстетикалық– 84\1059,

- сәндік-қолданбалы өнер - 22\306,
- техникалық -17\203,
- әскери-патриоттық – 11\152,
- әлеуметтік-педагогикалық – 24\361,
- дене шынықтыру-спорттық – 164\2460,
- туристік-өлкетану – 5\69,
- тілдік 30\292,
- жаратылыстану-математикалық- 9\135,
- басқалар – 11\165.

Оқу топтары бағдарлама ерекшеліктері мен санитарлық нормаларға сай толықтырылды. Мекемеде екі эксперименттік топ, 43 білімге ерекше қажеттілігі бар бала шұғылданатын 11 топ бар.

### **Педагог кадрлар туралы ақпарат**

Орталықта оқу-тәрбие үрдісін тұрақты педагогикалық шығармашылық ұжым атқарып отыр.

Орталықта жұмысшылар саны:

Барлығы - 205\220 адам.

Педагогикалық жұмысшылар – 205 адам.

Соның ішінде:

Негізгі - 59адам.

Қосалқы жұмысшылар - 6/138 адам.

Жас педагогтар – 22 адам.

Зейнеткерлік жастағы педагогтар – 7 адам.

Әйел адам – 33\29 адам.

Ер адам – 12\145 адам.

Жұмыс өтілі бойынша:

20 жылдан жоғары – 26\50 адам.

2 жылдан төмен– 4\ 10 адам.

### **Қосымша білім беру педагогтарының білім деңгейі:**

<b>Білімі</b>	<b>2016-2017</b>	<b>2017-2018</b>	<b>2018-2019</b>	<b>2019-2020</b>
Жоғары	46\139	59\135	187	179
Жоғары кәсіптік		1\1	3	
Арнайы орта	6\16	3\20	3	19
Жалпы орта	-	-	13	-
Курстық қайта даярлау	13	44	5	-
Барлық педагогтар	52\156	83\136	206	205

### Қосымша білім беру педагогтарының біліктілік санаттары

Біліктілік санат	2016-2017	2017-2018	2018-2019	2019-2020
Жоғары	13\1	12\1	16\1	24
Бірінші	14\6	19\0	17\0	42
Екінші	13\6	18\4	17\4	47
Қорытынды:	40\13		206	205
Санатсыздар	155	165	156	92

Төсбелгілерімен марапатталған және атақтары бар: «ҚР білім беру саласының құрметті азаматы» -Володин А.Н.

А.Байтұрсынов атындағы төсбелгі иегері «Білім беру саласына үздік үлес қосқаны үшін» -Нурова С. К


### Оқушылар құрамының мінездемесі

Оқу жылының басында оқушылар құрамының тізімі, электронды деректер базасы жасақталды және МТЖО ұйымдары оқушыларының тізім құрамының өзгеруіне байланысты ай сайын түзетіліп отырылды.

6206 оқушының 4426 –сі мемлекеттік тілде оқытылады. Олардың 3328-і қыз бала, 2732-і ер бала. Балалар құрамының сараптамасы бойынша, соңғы төрт жылдағы көрсеткіш тәрбиеленушілер санының артқанын көрсетеді:

Оқу жылы	2016-2017	2017-2018	2018-2019	2019-2020
Оқушылар саны	5113	5258	5289	6206

### МТЖО оқушылар құрамының мониторингі



### 2019-2020 оқу жылындағы оқушылар құрамы сипаттамасы

1 оқу жылы топтарының саны	Оқушылар саны	2 оқу жылы топтарының саны	Оқушылар саны	Барлық топ саны	Эксперименттік топ саны	Оқушы саны
348	5015	100	1171	448	2	20
Оқушылар саны 6206						

**Жас мөлшері бойынша оқушылар құрамы төмендегідей ұсынылады**

Оқу жылы	Жасы				Барлығы
	4-6	6-10	11-15	16-18	
<b>Оқушылар саны</b>					
2016-2017	150	1410	2003	1200	5113
2017-2018	214	1736	2343	965	5258
2018-2019	226	1838	2457	768	5289
2019-2020	315	2146	2764	981	6206

Әлеуметтік санат бойынша отбасы мәртебесі:

Көпбалалы отбасынан - 14,

Жетім балалар, қорғаншылықтағы балалар -19,

ЕОТ балалар - 85,

Сонымен бірге мүгедектер - 43.

**Білім беру үрдісінің мазмұны**

Мектептен тыс жұмыс орталығы қызметінің негізгі мақсаттары:

-балаларға қосымша білім беру саласында қызмет көрсету;

-азаматтардың қосымша білім алу құқықтарын жүзеге асыруға жағдай туғызу;

-жеке тұлғаның таным мен шығармашылыққа деген уәждемесін қосымша білім беруді дамыту арқылы жеке тұлға, мемлекет және қоғам мүддесі үшін 6 бағыт бойынша дамыту.

Орталықтың қызметі әртүрлі жас мөлшеріндегі балалар тобының жеке ерекшеліктері мен білім алуға сұраныстарын есепке ала отырып, әр баланың өзін-өзі дамытуға, толыққанды қанағаттануларына жоғары жайлылықты қамтамасыз ете отырып білім беруге, тәрбиелеуге, бағытталған.

МТЖО балалардың танымдық қызығушылығының белсенділігін арттыратын, әлеуметтік-адамгершілік тұрақтылыққа ие тұлғаны қалыптастыратын ұтымды білім беру және тәрбие жүйесі қалыптасқан.

Ұжымдар оқу жылын 2019 жылдың 15 қыркүйегінде бастады. Оқу жылының ұзақтығы – 36 апта. Жұмыс күнтізбелік күндердің барлық күндерінде жүреді. Демалыс (каникул) күндері әр ұйымдар тұрақты және ауыспалы балалар құрамымен бос уақыттарға арналған, танымдылық және ойын-сауық шаралар ұйымдастырады.

2013 жылғы 14 маусымдағы №228 «Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына

сай 1 жылғы оқытылатын топтарда сабақ 10-15 бала құрамымен өткізіледі. 2-жылғы оқытылатын топтарда бала саны – 8-12 бала. 19б. мектепке дейінгі оқыту – бала саны 6-10 адам. 20 б.–ЕОТ балалар – бала саны 3- 6 адам. П.23 1-жылғы оқыту - аптасына 4 сағ., 2-жылғы оқыту – аптасына 6 сағ.. Эксперименттік топтар – аптасына 8 сағ., мектепке дейінгі оқыту – аптасына 2 сағат.

Оқу жылының басында әзірленіп және бекітілді:

- Мектептен тыс жұмыс орталығының 2019-2020 оқу жылының жұмыс жоспары мен ережелері;
- оқу жоспары, оқу жоспарының түсіндірме хаттары;
- оқу жоспар – графигі;
- қосымша білім беру бағдарламалары;
- үйірмелердің сабақ кестесі;
- педагогикалық, әдістемелік кеңестерінің жұмыс жоспары;
- 2019-2020 оқу жылына арналған ұйымдастыру-бұқаралық және тәрбиелік шаралардың жоспары;
- МТЖО бағдарламасы аясындағы шаралар жоспары;
- инклюзивті топтар жұмыстарының жоспары;
- МТЖО әдістемелік қызметінің 2019-2020 оқу жылының жұмыс жоспары;
- МТЖО педагогикалық қызметкерлерінің аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспары;
- МД педагогтары әдістемелік бірлестігі отырысының жоспары
- ұйымдастырушы-педагогтарының жұмыс жоспары
- педагог-психологтың жұмыс жоспары;
- кітапханашының жұмыс жоспары;
- «Тәлімгерлер мектебі» жұмыс жоспары;
- ББЖҰБ «Жас Ұлан» штабының жоспары.

### **Білім беру қызметін құқықтық-нормативті қамтамасыз ету**

Оқу жылы барысында кәсіпорын әкімшілігі мына жұмыстарды атқарды:

- 2019-2020 ж.ж кезеңінде ұжымның еңбек шарты бойынша жұмыстар жалғасты;
- МТЖО ақылы білім беру қызметтерін көрсету ережелері бойынша жұмыстар.

Жұмыс жоспарына сәйкес кәсіпорынның педагогикалық жұмысшыларының аттестаттау комиссиясының отырысы өткізілді (3), педагогикалық кеңес (4), әдістемелік кеңес (9), ӘБ (7), МТЖО директоры жанындағы кеңес (10).

Оқу жылы барысында 07.2015 ж. №17 «Қосымша білім беру ұйымына қабылдау» мемлекеттік қызметін ұсыну бойынша әкімшіліктің қабылдау уақытымен оқушыларды қабылдау қамтамасыз етілді; оқушылардың қозғалыс есебі жүргізілді, тізім жасақталды, тізім құрамының өзгеруі туралы бұйрықтар жобасы дайындалды, оқушылардың деректер базасы жүргізілді, оқушылар құрамын сақтау сараптамалары жүргізілді.



## **2019-2020 оқу жылындағы негізгі қорытындылар мен даму бағыттары**

Мектептен тыс жұмыс орталығы үшін ағымдағы оқу жылы қарқынды болғанына қарамастан, төмендегідей нәтижелі болды:

1. МТЖО оқушылар құрамы тұрақты болуда;
2. Жалпы оқушылар санының қосымша біліммен қамтылуы өсті;
3. МТЖО педагогикалық қызметкерлерінің жоғары білімділер саны 3 адамға өсті;
4. МТЖО білім бағдарламаларының жүзеге асуы көбейе түсті;
5. Жоғары деңгейлі бағдарламаларды игерушілер саны өткен жылғыға қарағанда 2% пайызға өсті;
6. Өткен оқу жылына қарағанда педагог қызметкерлерді біліктілік арттыру курстарынан өту деңгейі өсуде (2 педагог), және біліктілік санаттарды растау мен көтеру (2 педагог).

2019-2020 оқу жылында мекеменің негізгі қызметі балалардың жеке сапаларын дамыту, педагогтің кәсіптік құзіреттілігін дамытуға арналмақ.

2019-2020 оқу жылында МТЖО қызмет бағыттары:

1. Қосымша білім сапасын басқаруға инновациялық тәсілдің әсері.
2. МТЖО білім кеңістігінде білім алушылардың шығармашылық жағынан дамуына педагогикалық қолдау көрсету.
3. Педагогтардың өзін-өзін дамытуына, білімдік, әдістемелік, әдістемелік және басқа жобаларды жүзеге асыруға жағдай жасау.
4. Педагогикалық ұжымның кәсіптік құзіреттілігін көтеру .

### **Қызмет міндеттері**

1. Үздіксіз білім жүйесі арқылы педагогтардың кәсіптік құзіреттілігін көтеру.
2. Балалар шығармашылығын әлеуметтік, концерттік, мәдени-тәрбие қызметі арқылы белсендіру.
3. Балалармен жұмыс барысында білікті тәсілдерді қолдану

### **Ұсыныстар**

1. Бәсекеге қабілеттілікті көтеру мақсатында ішкі қатынастарды кеңейту (жыл бойы).
2. Түрлі деңгейдегі білім мекемелерінің инновациялық тәжірибелерін қолдану мен енгізу (жыл бойы).

## II. Мектептен тыс жұмыс орталығының төлқұжаты;

### МЕКЕМЕ

1. Мекеменің толық атауы: «Мектептен тыс жұмыс орталығы»
2. Құқықтық статусы: Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
3. Мекеменің мекен – жайы: БҚО, Орал қаласы Х.Чурина 121,
4. Мекеменің телефоны, факс: 8/7112/53-25-45, 8/7112/53-25-17
5. Электронды поштасы: [cvr-oral2013@mail.ru](mailto:cvr-oral2013@mail.ru)
6. Мекеменің құрылған, қайта құрылған, таратылған күні: 26 шілде 2019 жыл  
БҚО Орал қаласының әкімдігінің  
14.03.2019 жылғы №612 қаулысы
7. Ғимарат типі: бейімделген
8. Кабинеттер саны: 21 кабинет
9. Қамтылған оқушылар саны: 6209

### БАСШЫ

- Мекеменің басшысының аты-жөні: Утебалиева Шаттық Саматовна
- Лауазымы, тағайындалған күні: 09.10.2019 ж.
- Мекен жайы, байланыс телефоны: Мөңкеұлы 79-36,  
ұялы: +7 775 370 57 30

### **III. 2020-2021 оқу жылына арналған мақсат- міндеттері**

**Мектептен тыс жұмыс орталығының оқу – тәрбие жұмысының тақырыбы:**  
«Мектептен тыс білім беру мекемесінде әдістемелік жұмысты жандандыру арқылы қосымша білім беру педагогтарының кәсіби шеберлігін арттыру»

#### **2020-2021 оқу жылына арналған мақсат- міндеттер:**

##### **Мақсаты:**

- Ақпараттық – әдістемелік қолдау көрсету негізінде қосымша білім беру педагогтарының қызметін кәсіби дамуға бағыттау, шығармашылық үрдістерді шеберлікпен басқаруға қолайлы жағдай;

##### **Міндеттері:**

- Тәрбиеленушіге үйренген кәсібін игеру және оны орындауда қалыптасқан дәстүрлі тәжірибені қолдану арқылы бейімділікке үйрету;
- Балалар мен жасөспірімдерді дәстүрлі кәсіпті игеру арқылы жетістіктерге бағыттау;
- Балалар мен жасөспірімдерді еңбегіне қарай ынталандыру арқылы кәсіпке баулу;

#### **Мектептен тыс жұмыс орталығының оқу – тәрбие жұмысының әдістемелік тақырыбы:**

«Оқу-тәрбие процесінде ұлттық құндылықтарды енгізу арқылы қосымша білім беру педагогтарының кәсіби өсуіне жағдай жасау»

##### **Мақсаты:**

Балаларды оқыту мен үйрету тәртібінде ұлттық дәстүрді жаңғырту арқылы әдістемелік және педагогикалық үдірістерді кеңінен қолдану.

##### **Міндеті:**

- Қосымша білім беруде ұлттық құндылықтарды қолданып, үйірменің сапалы жұмыс жүргізілуін бақылау;
- балалар мен жастарды азаматтылыққа, отансүйгіштікке, мемлекеттік рәміздер мен ұлттық дәстүрлерді сыйлауға тәрбиелеу;
- балалар мен жасөспірімдердің бойында позитивті өмірлік ұстаным қалыптастыру мен теріс діни ағымдарға тартылуының алдын алу шараларын ұйымдастыруда педагогтардың құзырлылығын арттыру;

- педагогтардың шығармашылық бастамалары мен кәсіби өсуіне қолдау көрсете отырып, педагогтардың жұмыс тәжірибесі мен әдістемелік материалдарын зерделеп, қорытып, тарату.

#### **IV. Ақпараттық-аналитикалық қызмет**

Қазақстан Республикасындағы балаларға қосымша білім беру жүйесін реттеуші заңнамалық және нормативтік құқықтық актілер

<b>№</b>	<b>Атқарылатын жұмыс</b>	<b>Уақыты</b>	<b>Жауапты</b>
1	ҚР «Білім туралы заңы», ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 қаулысымен бекітілген «Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын» және ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 14 маусымдағы №228 бұйрығымен бекітіліген «Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын» іске асыру жұмыстары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 7 сәуірдегі № 170 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 16 тамыздағы № 366 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 20 тамызда № 19264 болып тіркелді.	Жыл бойы	Әкімшілік
2	Әдістемелік бағыттардың жасақталу жұмысы, жоспарын бекіту	Қыркүйек	ӘБ жетекшілері
3	Қосымша білім беру педагогтерін қосымша білім беру саласындағы жаңа бағыттағы өзгерістермен, нормативтік құжаттармен ақпараттандыру	Жыл бойы	Әкімшілік
4	Орталық педагогтары мен мектептердегі қосымша білім беру педагогтарының сапалық құрамын анықтау	Жарты жылда бір рет	Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.Ташенова
5	Шығармашылықпен жұмыс жасайтын қосымша білім беру педагогтерінің іс-тәжірибесін анықтап, тарату	Жыл бойы	Бұқаралық бөлім меңгерушісі

#### **V. Мектептен тыс жұмыс орталығының 2020-2021 оқу жылына арналған циклограммасы**

<b>Күндері</b>	<b>Апта</b>
----------------	-------------

	<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>	<b>4</b>
Сейсенбі	Қала мектептері дене шынықтыру мұғалімдері әдістемелік бірлестіктер жетекшілерімен семинар-кеңес	МТЖО әдістемелік бөлім лездеме	Аттестациялық комиссия отырысы (жылына 4 рет)	МТЖО әлеуметтік-педагогикалық бағыт бойынша әдістемелік бірлестігінің отырысы
Сәрсенбі	«Тәлімгерлер мектебі» қалалық семинар	«Ұланбасы» Штабы отырысы		МТЖО көркем-эстетикалық бағыт бойынша әдістемелік бірлестігінің отырысы
Бейсенбі	«Жас маман» мектебі отырысы		МТЖО ҚББП тұрақты семинары (жылына 4 рет)	
Жұма	Қалалық хореографтар бірлестігінің отырысы	МТЖО кәсіподақ ұйымының отырысы (қыркүйек, мамыр)	Педагогикалық кеңес (жылына 4 рет)	Әдістемелік кеңес отырысы (жылына 4 рет)
Сенбі	Директор жанындағы кеңес Құжаттармен жұмыс МТЖО жалпы ата-аналар жиналысы (қыркүйек, мамыр)	Баспасөзбен жұмыс. Үйірме, секция, балалар бәрлестіктерінің ата-аналарымен жұмыс	Әлеуметтік желілермен, МТЖО сайтымен жұмыс	МТЖО спорттық-техникалық бағыт бойынша әдістемелік бірлестігінің отырысы
Жексенбі	Бұқаралық мәдени-спорттық шаралар: жарыстар, байқаулар, турнирлер, шығармашылық бірлестіктердің кеңейтілген отырыстары			

№	Іс-шаралар	Айлар											
		Қыркүйек	Қазан	қараша	Желтоқсан	Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр	Маусым	Шілде	Тамыз
1	Оқу тәрбие жұмысын жоспарлау	+	+	+	+	+	+	+	+	+			

2	Директор жанындағы кеңес	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
3	Педагогикалық кеңес	+			+			+		+			
4	Әдістемелік кеңес	+			+	+				+			
5	Оқу- тәрбие жұмыстарды ұйымдастыру отырысы	+			+		+			+			
6	Басшылық және бақылау			+		+		+		+			
7	Үйірме журналдарын бақылау			+		+		+		+			
8	Жұмыс есебі					+				+			
9	Ата-аналармен жұмыс					+				+			
10	Жас мамандармен жұмыс	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
11	ҚББП –ның біліктілігін арттыру жұмысын қамтамасыз ету	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
12	Аттестация комиссиясының құрамын анықтау	+											
13	ҚББП біліктілігін арттыру курсына сұраныс бойынша жалпы тізімді жинақтау	+											
14	Аттестация комиссиясының қарауына құжаттарды дайындау, аттестациялық комиссия отырысын өткізу			+									
15	Педагог қызметкерлерді аттестаттаудың бірінші кезеңі – біліктілік тестілеуден өткізуді ұйымдастыру			+	+								
16	Портфолиоға қойылатын талаптар туралы ақпараттық семинар өткізу туралы							+					
17	Аттестатталған педагог қызметкерлеріне қызметтік міндетіне сай санат беру туралы куәліктерін дайындау және беру									+			
18	Жұмыс орнына және ғимарат аумағына санитарлық жұмыстар	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+

## VI. Педагог кадрлар біліктілігін арттыру және қайта даярлау

№	Тақырыптар	Уақыты	Жауапты
1	Қосымша білім беру педагогтары мен ұйымдастырушы педагогтардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау жұмыстарын ұйымдастыру, қамтамасыз ету	Жыл бойы	Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.Ташенова, бөлім меңгерушілері

			Д.Утебаева Э.Тлепова Д.Нұғман
2	Қосымша білім беру педагогтары мен ұйымдастырушы педагогтардың білімін жетілдіруде жұмыстану	Жыл бойы	Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.Ташенова Әдістемелік бөлім меңгерушісі
3	Педагогтардың біліктілік санаттарын көтеру мақсатында жұмыстану	Жыл бойы	Әдістемелік бөлім меңгерушісі

### **VII. Педагог қызметкерлерді аттестаттау жұмысы бойынша жұмыстар**

<b>№</b>	<b>Іс-шараның атауы</b>	<b>Өткізу мерзімі</b>
1.	Педагогтарының біліктілігін арттыру бойынша курсқа қатысуын қамтамасыз ету	жыл бойы
2.	Аттестация комиссиясының құрамын анықтау, бұйрық дайындау	қыркүйек
3.	Педагог қызметкерлердің біліктілік арттыру курстарына сұранысы бойынша жалпы тізімді жинақтау	қыркүйек
4.	Аттестаттау комиссиясының қарауына құжаттарды дайындау, аттестациялық комиссия отырысын өткізу	қараша
5.	Педагог қызметкерлерді аттестаттаудың бірінші кезеңі-біліктілік тестілеуден өткізуді ұйымдастыру	қараша-желтоқсан
6.	Портфолияға қойылатын талаптар туралы ақпараттық семинар өткізу	наурыз
7.	Нысан бойынша 2020-2021 оқу жылында аттестатталған педагог қызметкерлеріне қызметтік міндетіне сай санат беру туралы куәліктерді дайындау және беру	мамыр

### **VIII. Педагогикалық ұжыммен жұмыс**

*Педагогикалық кеңестің міндеттері:*

- қосымша білім беру саласының оқу-тәрбие үрдісінің негізгі бағыттарын анықтау;
- мекеменің білім мазмұнын жаңарту бағытындағы жұмыстарды жетілдіру;
- білім бағдарламаларын жүзеге асыруды бақылау;
- педагогтардың озық технологияларын тарату мен бекіту;
- мекеменің даму бағдарламасын жүзеге асыру мен өңдеу;

-оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру бағытындағы сұрақтарды шешу, жоспарлау  
 -педагогика ғылымындағы жетістіктер мен озық тәжірибені зерттеу және тәжірибеге енгізу.

### Педагогикалық кеңесте қаралатын мәселелер

№	Тақырыптар	Уақыты	Баяндамашылар
1.	2020-2021 оқу жылында Облыстық білім басқармасы, Қалалық білім басқармасының тамыз маслихаты материалдарын талқылау	Тамыз	Әкімшілік
2.	Орталықтың және қосымша білім беру педагогтарының 2020-2021 оқу жылына оқу – тәрбие жұмысы бойынша жылдық жоспарын бекіту;		ДОІЖО К.Ташенова
3.	2020-2021 оқу жылының үйірме бірлестіктері жетекшілерін тағайындау		Әкімшілік
4.	Қосымша білім беру педагогтерінің біліктілік санатын көтерудегі әдістемелік жұмыстардың ұйымдастырылуы		Әдістемелік бөлім меңгерішісі
5.	«Жас мамандар мектебін» ұйымдастыру және тәлімгерлер жетекшілігін белгілеу		Әкімшілік
1.	Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру бойынша профилактикалық жұмыстар	Қазан	ДОІЖО К.Ташенова
2.	Тұрақты семинарлардың ұйымдастырылу барысы, атқарылып жатырған жұмыстар		Бұқаралық бөлім меңгерушісі Н.Ф.Логашкина
3.	«Таэквондо» үйірме жетекшісінің оқу – тәрбие бағытындағы іс – тәжірибесін тыңдау;		Жоғары санатты ҚББП О.К.Ли
4.	«Шахмат» үйірмесінің күнтізбелік-тақырыптық бағдарламаның орындалу деңгейі		Жоғары санатты ҚББП В.В.Каширин
5.	№1 филиал бойынша көпшілік атқарылған іс – шараларының есебі		Педагог-ұйымдастырушы Д.Ибатова
1.	2020-2021 оқу жылының I жарты жылдықтағы оқу – тәрбие бойынша үйірме журналдарының жүргізілуі және күнтізбелік – тақырыптық бағдарлама сәйкестегі.	Желтоқсан	ДОІЖО К.Ташенова
2.	2020-2021 оқу жылында I жарты жылдықта қосымша білім беру бойынша атқарылған іс-шаралар		Бөлім меңгерушісі Н.Ф.Логашкина



3.	«Кеме үлгілеу» үйірме жетекшісінің оқу – тәрбие бағытындағы іс – тәжірибесін тыңдау;		ҚББП И.В Татаренко
4.	«Айгөлек» үйірме жетекшісінің ата- аналармен жұмыс түрлері		ҚББП А.Ажекенова
5.	«Жас ақын» үйірме жетекшісінің оқу – тәрбие бағытындағы іс – тәжірибесін тыңдау;		ҚББП Г.Ж.Шайхиниязова
6.	№2 филиал бойынша көпшілік атқарылған іс – шараларының есебі		Ф.Нигметова
1.	Ашық сабақтар мен шеберлік сағаттар ұйымдастырылуы	Ақпан	ДОҒЖО К.Ташенова
2.	«Затейник» үйірмесінің күнтізбелік-тақырыптық бағдарламаның орындалу деңгейі		ҚББП Н.Ф Логашкина
3.	«Александрия» үйірме жетекшісінің оқу – тәрбие бағытындағы іс – тәжірибесін тыңдау;		ҚББП А.В.Подлипалина
4.	«Вокал» үйірмесінің күнтізбелік-тақырыптық бағдарламаның орындалу деңгейі		ҚББП С.Н.Гончарова
5.	Қосымша білім беру мекемелеріндегі заманауи білім беру технологиялары мен оларды қосымша білім бері педагогтарының білім үрдісінде қолдануы		Әдіскер Н.Д.Муратова
6.	№3 филиал бойынша көпшілік атқарылған іс – шараларының есебі		Әдіскер А.А.Елемисова
7.	№4 филиал бойынша көпшілік атқарылған іс – шараларының есебі		Педагог- ұйымдастырушы Б.Ш.Джапарова
1.	2020-2021 оқу жылындағы оқу – тәрбие бойынша атқарылған жұмыстар есебі;	Маусым	Бұқаралық бөлім меңгерушісі Н.Ф.Логашкина
2.	2020-2021 оқу жылындағы көпшілік – іс- шаралар бойынша атқарылған жұмыстар		Педагог – ұйымдастырушы О.М.Сабыр
3.	2020-2021 оқу жылындағы педагогтердің аттестаттау куәліктерін тапсыру		Әдістемелік бөлім меңгерушісі
4.	Жас мамандармен атқарылған жұмыстар есебі		Әдіскер Г.Т.Аймуханова

## IX. Директор жанындағы кеңесте қаралатын мәселелер

*Директор жанындағы кеңестің міндеттері:*

Директорлық кеңестің мақсаты: мекеменің жалпы қызметін үйлестіру.

Кеңес жұмысы мынадай бағыттарда жүргізіледі:

- мекемеде санитарлық-гигиеналық талаптардың, қауіпсіздік техникасы нормаларының және өрт қауіпсіздігі тәртібінің сақталуы;
- мекемелерде білім беру үрдісін ұйымдастыру;
- ағымдағы мәселелерді шешу;
- шараларға дайындалу

№	Тақырыптар	Уақыты	Баяндамашылар
<b>Директор жанындағы кеңес жоспары</b>			
1.	2020-2021 оқу жылының оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудағы негізгі құжаттар ережелерін туралы ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 қаулысымен бекітілген «Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын» және ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 14 маусымдағы №228 бұйрығымен бекітіліген «Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын» іске асырылуы (04.06.2019ж өзгерістерімен), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 7 сәуірдегі № 170 бұйрығы;	Қыркүйек	Әкімшілік
2.	2020-2021 оқу жылындағы МТЖО педагогтер құрамының лауазымдық міндеттерін белгілеу;		Хатшы Кадырбекова Н.С
3.	2020-2021 оқу жылындағы Үйірменің күнтізбелік-тақырыптық бағдарламаларын, үйірме кестесін бекітуге ұсыну		ДОЖ орынбасары К.Ташенова
4.	Ақылы топтардағы ата-аналар төлемақысының сметасын бекіту		Әкімшілік
5.	2020-2021 оқу жылындағы отырыстардың кеңесін құру, хатшыларын тағайындау		ДОЖ орынбасары К.Ташенова
1.	Үйірмелердің берілу барысы, оқу бағдарламасының орындалуы	Қараша	ДОЖ орынбасары К.Ташенова
2.	Мектептен тыс жұмыс орталығының Ұжымдық келісім шарттарының орындалуын туралы.		Кәсіподақ төрайымы Д.А.Утибаева

3.	«Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» саласында атқарылып жатырған іс-шаралар		«Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» жетекшісі Г.Т.Аймуханова
1.	Аттестациядан өтетін мұғалімдердің ашық сабақтарын, шеберлік сынып сағаттарының жұмыстарын ұйымдастыруы	Қаңтар	Әдіскер А.Елемисова
2.	Мектептен тыс жұмыс орталығындағы инклюзивті топтардағы жұмыстар туралы		Бұраралық бөлім меңгерушісі Н.Ф.Логашкина
3.	«Жас Ұлан» ББЖҰ қатарына қабылдау қорытындысы туралы		Бөлім меңгерушісі
4.	Бұқаралық ақпараттық құралдарымен жұмыс барысы		Кітапханашы Б.П.Баймуханбетова
1.	Қосымша білім беру педагогтерінің біліктілік санатын көтерудегі әдістемелік жұмыстар қорытындысы	Наурыз	Әдістемелік бөлім меңгерушісі
2.	№1, №2, №3, №4 филиал жұмыстарының жүргізілу барысы		Бөлім меңгерушілері
3.	Мектеп базаларындағы үйірме жұмыстарының ұйымдастырылуы (Спорттық, Олимп үйірмелері)		Бөлім меңгерушілері, Г.Н.Асабаева Б.П. Баймуханбетова
4.	Қамқоршылық кеңестің жұмыс есебі		Әдіскер Л.М.Жумагулова
1.	2020-2021 оқу жылын қорытындылау. Жаңа оқу жылына дайындық (ұсыныстар, қорытындылар).	Мамыр	ДОТІЖ орынбасары
2.	Педагог қызметкерлерді кезекті мерзімді аттестациялауға ұсыну		Әдістемелік бөлім меңгерушісі
3.	Облыстық, қалалық, мекеме ішілік марапаттарға ұсыну		Әкімшілік

## Х. Оқу – тәрбие бағытындағы жұмыстары

### 1. Оқу- тәрбие жұмыстарды ұйымдастыру

№	Атауы	уақыты	Қатысушылар	Аяқталу формасы	жауапты
<b>Оқу – тәрбие отырысы</b>					

1	Қосымша білім беру қызметкерлерінің тамыз мәслихаты	қыркүйек	Орталықтың қосымша білім беру педагогтары	Хаттама, анықтама	К.Ташенова, бөлім меңгерушілері
2	ҚР білім және ғылым министрлігінің бекіткен ережесін басшылыққа алу,				
3.	хабардар ету Тақырыптық – күнтізбелік жоспардың жасақталуы				
<b>Оқу – тәрбие отырысы</b>					
1	Қосымша білім беру педагогтарының күнделікті үйірме жоспарының ұйымдастырылуы	қаңтар	Орталықтың қосымша білім беру педагогтары	Хаттама, анықтама	К.Ташенова, бөлім меңгерушілері
2	Үйірме жетекшілерінің әр – түрлі қалалық, облыстық шараларға, байқауларға қатысын ұйымдастыру				
<b>Оқу – тәрбие отырысы</b>					
1.	Үйірме жұмысының оқу процесін бақылау, қадағалау	ақпан	Орталықтың қосымша білім беру педагогтары	Хаттама, анықтама	К.Ташенова, бөлім меңгерушілері
2.	Бірлестіктердің үйірмеден тыс шаралары				
<b>Оқу – тәрбие отырысы</b>					
1	Тақырыптық – күнтізбелік жоспардың орындалуы	Мамыр	Орталықтың қосымша білім беру педагогтары	Хаттама, анықтама	К.Ташенова, бөлім меңгерушілері

## 2. Мектепшілік басшылық және бақылау

### 2.1. Жалпы жұмыстар

№	Жұмыс мазмұны	Жауапты	Мерзімі
1	Орталықтың жұмысын жоспарлау - Жылдық жоспар - Айлық жоспар	Директор	Жыл бойы
2	Есепшінің қаржылық қызметін	Директор	Үнемі

	бақылау		
3	Шаруашылық меңгерушінің қызметін бақылау	Директор	Жыл бойы
4	Директор жанындағы және Педагогикалық кеңестер өткізу	Директор	Жоспар бойынша
5	Міндетті құжаттардың жүргізілуін бақылау	Директор орынбасары	Үнемі
6	Жұмыс уақытының табельдеуді бақылау	Директор орынбасары	Ай сайын
7	Оқу-әдістемелік отырыстар өткізу	Директор орынбасары	Жоспар бойынша
8	Ашық сабақтар, шеберлік сыныптар өткізу	Директор орынбасары	Жоспар бойынша
9	Орталық әкімшілігінің үйірме сабақтарына қатысу, бақылау	Директор орынбасары	Жоспар бойынша
10	Үйірме сабақтарына оқушылардың қатысуын бақылау	Директор орынбасары	Жоспар бойынша
11	Қосымша білім беру педагогтарының үйірме сабақтарын бақылау	Директор орынбасары	Апта сайын
12	Әдістемелік отырыс кеңесін өткізу	Бөлім меңгерушілері	Жоспар бойынша
13	Орталықтың Қосымша білім беретін жас мамандары арасында әдістемелік – нұсқаушылық жұмыс жүргізу	Әдіскер	Жыл бойы

## 2.2. Үйірме жұмыстарын бақылау

№	Қаралатын бірлестіктер	Мақсаты	Уақыты	Аяқталу формасы	Жауапты
1	Шығармашылық, спорт, өнер, пәндік бірлестіктері	2020-2021 оқу жылында МТЖО-да үйірмелердің жүргізілу барысы, оқушылардың үйірмеге қатысуы	Қараша	Анықтама, акт,	Ш.Утебалиев а К.Ташенова Бөлім меңгерушілері
